

25
 Н
 Н Н М В
 І І
 V А А
 І А
 І І
 І І
 ↑ ↓ Н
 І
 Н Ж
 А
 А Н
 М Н С
 О А
 Ж А
 В В А Б
 А А
 О О
 Н Ж А
 А А А А
 Ж А А А
 А А А А
 А А А А
 А А А А

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



БАЙЫРҒЫ ТҮРКІ
 ӨРКЕНИЕТІ:
 Ж А З Б А
 ЕСКЕРТКІШТЕР



ДРЕВНЕТЮРКСКАЯ
 ЦИВИЛИЗАЦИЯ:
 ПАМЯТНИКИ
 ПИСЬМЕННОСТИ



ЖОЛДАСБЕКОВ Мырзатай Жолдасбекұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Төтенше және Өкілетті Елші, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінің ректоры, байырғы түркі жазба ескерткіштерін зерттеу проблемаларына арналған бірқатар монографиялары мен мақалалары жарық көрді. “Ел тағдыры – ер тағдыры”, “Орхон ескерткіштері”, “Асыл сөздің атасы”, “Жүз жыл жырлаған жүрек”, “Тоқсан толғау” атты жұртқа кең танымал кітаптардың авторы.

М. Ж. ЖОЛДАСБЕКОВ

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қадірлі зиялы қауым!

Еуразияның осынау ұланғайыр кеңістігін “аспанда Көк тәңірі, төменде Жер мен Су жаратылғаннан бері” мекендеп келе жатқан түркі халқының рухани мәдениеті – әлемдік өркениеттің күретамырлары құрамдас бөлігінің бірі болып келетіндігін Сіздер жақсы білесіздер. Тарихи және ерекше геосаяси жағдайына байланысты қос құрлықта өмір сүрген байырғы түркілер Шығыспен Батыстың мәдениетіне тел үлес қосып, өздері де оны тел еміп өсті. Адамзаттың көркем ойлау жүйесі мен қоғамдық пікіріне “Мәңгілік ел” деген идеяны тұрақты ұғым ретінде қалыптастырды және сол “мәңгілік елді”: “Ілгеріде – күн шығыспен, оң жақта – күн ортасымен, кейінде – батыспен, сол жақта – түн ортасымен” шектесетін ұлы кеңістікке орналастырды.

Жері кеңнің өрісі де, өресі де кең. Күні бүгінге дейін қаймағы бұзылмаған “Ұлық – Ұрымда, қызың – Қырымда”, “Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау” деген мақал-мәтелдер сонау ежелгі көк түркі қағанаты тұсында туды, сондай-ақ, бұл олардың ұғымдық өлшемінің кеңдігін танытып келеді.

Бұл пікіріміздің “мәңгілік тасқа басылып” қалған қасиетті куәсі – “Күлтегін” мен “Тоныкөк”, “Білге қаған” мен “Тариат”, “Құла шор” мен “Мойын шор”, “Талас”, пен “Есік”, Ертіс пен “Іле” ескерткіштері және қағаз бетіне түскен “Ырық бітіг” пен “Қорқыт ата”, “Оғызнама” мен Баласағұнның “Құтты білік”, Қашқаридің “Түрк сөздігі”, Яссауидің “Диуани Хикмет” жазбалары. Осы көркем жәдігерлерге сүйене отырып, түркілердің жазба әдебиетінің негізі VII–VIII ғасырларда қаланған деген тұжырым жасауға әбден болады. Өйткені қасиетті бұл мұралар тек түркі жұртының ғана рухани қазынасы емес, бүкіл адамзатқа ортақ мәдени ескерткіш және исі түркі тектес халықтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі болып табылады.

Руханият тарихи халық тарихымен тікелей тұтастықта дамитыны анық.

Көркем әдебиет елдің тағдыры мен оның тәуелсіздігі жолындағы мүдде мен күрестен туады. Ерлік дастандарының негізінде тарихи шындық жататыны да сондықтан. Ал “ұзын найзалы, жарау атты түркілердің” қадым заманнан бергі тағдыры “Ел” деген қасиетті ұғымды сақтап қалудың қамымен өтті. Жыл санауымыздан бұрынғы халықтық оқиғаларды қамтитын “Алып Ер Тоңа”, “Ергенеқон”, “Көк бөрі”, “Шу батыр” дастандары – түркі халқының заманалар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған тарихи-көркем шежіресі.

Бұған Мұхамед Хайдар Дулатидің “Әлемдегі барлық халық өзінің ата-бабалары туралы аңыздар мен әфсаналарды тарихи дерек есебінде пайдаланып, одан мысалдар келтіріп, нақты дәлел ретінде ұсынады: әсіресе, түркі халықтары өзінің барлық сөзі мен ісін, даудың шешімін ата-бабаларының өсиет сөзі мен аңыздарына сүйене отырып шешеді”, – деген пікірі толық негіз болады.

Сол Дулати бабамызға дейін және одан кейін өмір сүрген, “түгел сөздің түпкі аталары” Майқы би мен Кетбұғаның, Доспанбет пен Шалкиіздің, Қазтуған мен Ақтамбердінің толғаулары рухани және тақырыптық, жанрлық, тілдік көркемдік жағынан да көне түркі әдеби нұсқаларымен тікелей байланысып жатыр. Мысалы:

Ер оғланың құл болты,
Сілік қыз оғлың күң болты, –

немесе:

Қызыл қаным төкті,
Қара терім йүгіртті, –

деген жолдарды түсіну үшін ешқандай аудармашының керегі жоқ.

Ал образдық, теңеулік, бейнелік, ішкі құрылымдық сипаттары қазақтың “Алпамыс”, “Қобыланды” сияқты эпостарымен тікелей үндеседі. Мысалы “жеті” саны түркі елі үшін қасиетті сан болып табылады, жыраулар оған ерекше мән мен мағыналық астар береді. Мысалы “Күлтегін” жазуындағы:

“Әкем қаған **он жеті** ер ертіпті”, “Жиылып **жетпіс** ер бопты”, “Қосыны **жеті жүз** ер бопты”, “**Қырық жеті** рет аттанды”, “Әкем өлгенде Күлтегін **жеті жаста**”, “Күлтегін қой жылы **он жетінші күні** дүниеден ұшты”, “Тоғызыншы айдың **жиырма жетісінде** жерледік”, “Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын мешін жылы **жетінші айдың жиырма жетісінде** тегіс аяқтадық”, “Күлтегін өлгенде **қырық жеті жаста** еді”, – деген жолдар мен “Алпамыс” жырындағы:

“**Жеті жыл** жаттым мен деймін, **жеті мың** қалпақ өлтірмей”, “**Жеті жылдың** ішінде, көрінбеді кісіге”, “Енділігі **жеті кез**, темір үйді салдырды”, “**Жеті күн** мен **жеті түн**, қолыма менің бер, – деді”, “Отырған орны жер болып, **жеті күн** ұдай түнеді”, – деген нысаналық сандардың мазмұндық және поэзиялық мағына-емеуіріні бірдей.

Бұл қазақ эпосы менен көне түркі ескерткіштеріндегі толғаудың арнасы мен рухани дәстүрі тамырлас екендігін дәлелдейді. “Асыл арналар” атты монографиямызда Орхон жазулары мен ежелгі қазақ әдебиетінің арасындағы тарихилық, дәстүрлік, тақырыптық, шешендік, түрлік, ырғақтық, буындық, теңеулік, аллегориялық, салыстырмалық, мақал-мәтелдік байланыстарға егжей-тегжей талдау жасағанмыз естеріңізде болар. Сондықтан да бүгін оны қайталауды жөн көрмедік. Қазақстандағы ежелгі түркі жазбаларын зерттеудің бастауында М. Әуезов пен Ә. Марғұлан тұрды, мектебі алпысыншы жылдардың басында марқұм ұстазымыз Б. Кенжебаевтің жетекшілігімен қалыптасты. Бейсекең осы бір көне сарынға қазақ әдебиетшілерінен алғаш мені салған еді.

Бүгінгі таңда ежелгі түркі жазбаларының қазақстандық мектебі толық қалыптасты. Бәріміздің басымызды қосып отырған үлкен оқиға – бүтін түркі дүниесінің киелі көктасы “Күлтегін” ескерткішінің ғылыми көшірмесінің ежелгі Ұлы Даланы жайлаған, сол байырғы көк түркі қағанаты мен оның мәдени қазыналарының тікелей мұрагерлерінің бірі болып саналатын қазақ елінің Астанасындағы Еуразия университетінің төріне қоныс тебуі. Тарихымыз бен рухымыздың тасқа басылған жәдігері – “мөңгілік тастық” Еуразия кеңістігінен орын алуы ұлтымыздың абыройын асырып, намыс туын желбірете түсетіні анық.

Бұл тек қана Қазақстан үшін емес, барлық түркі тектес қауым үшін де тарихи маңызы зор оқиға. Әсіресе, жолы ауырлау түркология ілімін саясаттың жеңіл құралына айналдыру пиғылдары байқалып қалып жүрген осынау кезеңде бірлігіміздің көрінісін танытатын айғақ болатыны кәміл. Сондай-ақ, көшпелі түркі әлемі мен түркі елі туралы айтылып жүрген ғылыми негізсіз пікірлерге тосқауыл қоятын да кез сияқты. Мысалы, Пазарық қорғанының бұлтартпайтын заттай айғақтарына қарамастан, еуропалық ғалымдар оны “ирантілдес” жұрттың мұрасы деп бағалауға тырысады. Мұндай үстірт пайымдаулардың барған сайын басып бара жатқаны біздің бәрімізді де алаңдатады.

Рас, ежелгі Тұран мен Иран жұртының тарихи, рухани байланысы қадым заманнан тамыр тартады. Бұған ақындарын патшаларынан жоғары қоятын ежелгі Иранда елімнің елшісі болып жүрген жылдарымда анық көзім жетті. Біз бүгін скиф, соғды тілі мен қазақ тілінің арасындағы туыстықты байқататын көптеген айқын мысалдарды білеміз. Демек, бұл елмен рухани байланыстың есте жоқ ескі заманнан бері үзілмей келе жатқандығын және әр мәдениеттің тарихтан алатын өз орны бар екендігін дәлелдейді. Шығыс Түркістандағы Иықсақ, Тоғырсақ сақтары жазуының мазмұны да ол мәтіндердің түркілік тегін танытады. Ендеше, ежелгі сақтар мен түркі тілі мәтіндес, туыстас болса, онда сақтар мен скифтерді, соғдыларды “ирантілдес” деп жалған пікір қалыптастыру қандай ғылыми қажеттіліктен туып отыр. Конференциямызда бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінеді деп ойлаймын.

Осы реттен алғанда Еуразия университетінің жанынан құрылған эпиграфия және деректану мен тарихнама зертханаларына үлкен үмітпен қараймын. Ең басты міндеттердің бірі – дүние жүзінің әр мемлекетінің мұражайлары мен кітапханаларында сақтаулы тұрған 15 мыңға жуық түркі ескерткіштерінің әр қайсысын есепке алу, ғылыми сипаттама жасау және оларды жүйелеу болып табылады. Руникалық жазбаларды текстологиялық тұрғыдан зерттеп, ондағы осы уақытқа дейін қате оқылып келген мәтіндерді бір ізге түсіріп, канондық мәтін жасау. Өйткені түркі жазуларын оқуда бұрынғы және қазіргі ғалымдардың да жіберген кемшіліктері аз емес. Бір мәтінді әр түрлі мағынада түсіндірген еңбектер де кездеседі. Сонымен қатар кейінгі жылдары жаңадан оқылған жазбаларды да ғылыми айналымға түсіретін кез жетті. Міне, осыны шешсек қана түркі сына жазуының тарихи, рухани, мәдени мән-маңызы толық ашылады.

Үшінші бір ойланатын мәселе – археографиялық экспедициялар ұйымдастыру. Осы конференция аяқталысымен Еуразия

университетінің эпиграфия зертханасының меңгерушісі Қаржаубай Сартқожаұлы Монғол жеріне арнайы ғылыми-зерттеу сапарымен аттанады.

Бұл осы бағытта жасақталған алғашқы экспедиция. Мың жылдан астам табиғаттың ыстығы мен суығына төзіп келе жатқан ескерткіштер тозып барады. Оны сақтап қалудың шараларын қазірден бастап қолға алмасақ, арты орны толмайтын өкінішке айналуы мүмкін. Оның үстіне жердің бөліске түскені де белгілі мөлшерде қауіп төндіреді. Бұқтырма, Қапшағай, Шардара, Шульба, Шу тағы да басқа ірілі-ұсақты су қоймаларының астында қаншама ескерткіштер қалмады дейсіз. Бүгінде мектеп оқушылары да археологиялық экспедицияларға шығатын болыпты. Тарихқа құмарлық жақсы. Бірақ тарихты баланың ойынына айналдырып алмағанымыз жөн.

Кейбір мәселенің тереңдеп зерттелмеуіне идеологиялық қысымның да кесірі тиді. Өркениетке ортақ рухани мәдени мұраларды жіліктеу, жіктеу ниеті де бой көрсете бастады. Ол білікті, кісілікті, салиқалы елге де, ғылымға да, сөзі ұғымды, ісі жұғымды, сиымды ортаға да жат қасиет.

Түркі өркениетінің киелі жазбалары философиялық, танымдық, дәстүрлік, тілдік, көркемдік, саяси-қоғамдық, экономикалық, құқықтық, деректік, тарихнамалық, археологиялық, сәулеттік, географиялық, таңбалық, этнологиялық, археографиялық, дипломатиялық тұрғыдан тереңдете зерттеуді қажет етеді. Бізді алда осындай күрделі де қасиетті ізденістер күтіп тұр. Мұндай жүйелі зерттеусіз асыл мұралардың ғылыми маңызы толық ашылмайды. Ғылымы жоқ академиялар мен білімі жоқ университеттер көбейіп, ғылыми күштердің бытыраңқырап тұрған шағында да жұмыла кіріссек, табылмайтын амал, алынбайтын қамал жоқ.

Сондықтан да осы ғылыми-теориялық конференция сол кемшіліктердің орынын толтырып, түркі руханиятын зерттеу ғылымын жаңа деңгейге көтереді деп сенемін. Кеңестер одағымен бірге қоса ыдыраған түркология ілімін қайта жаңғыртудың қажет екенін ұмытпағанымыз жөн. Еуразия университетінде соңғы жылы ашылып жатқан зертханалар болашақта орталықтардың біріне айнала ма деген үміттен туған еді.